

Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛДЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ ЖҮЗ ЖЫЛ ТОЛДЫ

Қазақ әдебиеттану ғылымы саласындағы көрнекті ғалымдардың бірі, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан журналистер одағының, Қазақстан жазушылары одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы-ғалым Нысанбек Төреқұлдың дүниеге келгеніне 2021 жылы тамызда **100** жыл толды.

Нысанбек Төреқұлұлы - Ұлы Отан соғысының ардагері, бірінші топтағы мүгедегі, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, жамбылтанушы, жазушы, қазақтың жыраулары мен би-шешендерінің өмірін, өнері мен өнегесін зерттеп, зерделеуші, дала ділмарларының шежірешісі. Ол - Қазақстан журналистер одағының, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты. 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерімен, оншақты медалмен наградталған. Нысанбек Төреқұлұлының Ұлы Отан соғысының қан майданында көрсеткен ерлігі, қазақ әдебиеттануына, қазақ фольклористикасына, билер дәуірі әдебиетін зерттеуге сіңірген еңбегі ұмытылмайды

Нысанбек Төреқұл (28.08.1921-22.11.2007) 1941 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып жүрген жерінен майданға аттанды. Кешегі студент 1941-1943 жылдары Панфилов дивизиясының құрамында зеңбірекшілер тобының командирі болып, Мәскеу түбіндегі маневрлі соғысқа қатысты, Бородино шайқасында фашистердің 4 пулеметшілер мен минометшілер ұясын тас-талқан етіп, ерлік көрсетті. Соколово елді мекенін азат ету шайқасында аға лейтенант Н.Төреқұлов бастаған зеңбірекшілер тобы жаудың оқ бүркіп, от шашып тұрған бекіністерін жойып жіберіп, шабуылдап келе жатқан Отан қорғаушы әскерге жол ашты. Калинин, Клин, Вязьма, Брянск, Смоленск, Холм, Гжатск, Ржев үшін болған ұрыстарға қатысты. Жауынгер жолдастарымен «тіл» алып келді, бір жолы жаудың генералын алып келіп, штабқа тапсырды (<https://tengrinews.kz/pobediteli/veteran/314/>).

Нысанбек Төрекұлұлы 1943 жылы сұрапыл соғыста ауыр жараланды, Отан қорғап, қанын төкті. Жарқаты жазылған соң, елге оралды.

Соғыстан кейін ауылда есепші болды, одан Алматыдағы екі жылдық заң мектебін бітіріп, Арыс аудандық сотында халық судьясы, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясында кіші редактор қызметтерін атқарды, Алматыдағы Жоғары пария мектебін бітіріп, «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Қазақ совет энциклопедиясында» әдеби, ғылыми қызметтер атқарып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ұзақ жылдар бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Көп жылдық ізденістері мен зерттеулері нәтижесінде «Қазақ әдебиетіндегі нақыл сөздер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады (1965), «Қазақ совет фольклорының жанрлық-структуралық ерекшеліктері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады (1984). Ғалымның диссертациялық зерттеулері қазақ әдебиеттануындағы өзекті және ірі де іргелі ғылыми мәселенің шешімі ретінде жоғары бағаланды.

Ғалымның зерттеу нысаны болған әдеби үлгілер - халықтың ауызша авторлық әдебиетінің баға жетпес асыл байлығы. Көлдей шалқып, теңіздей толқып жатқан осы байлықты жинап, төкпей-шашпай халық игілігіне ұсыну, баспадан бастырып шығару әлеуметтік маңызы зор қажеттілік еді. Зерттеуші бұл бағытта тапжылмай жұмыс істеп, үлкен табыстарға жетті. «Қазақтың қанатты сөздері» (1959), «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (1964), «Қанатты сөздер» (1977), «Қырық хикая» (1985) кітаптары осы салада орындалған орасан аумақты жұмыстардың нәтижелері болатын. Аталған еңбектермен қатар ғалым «Қазақтың жүз шешені. Бірінші кітап» (1992), «Қазақтың жүз шешені. Екінші кітап» (1993), «Қазақтың жүз шешені. Үшінші кітап» (1995), «Билер сөзі – ақылдың көзі. Төртінші кітап» (1996) еңбектерінде қазақтың сөз өнерінің, әдет заңының байырғы жасаушыларының өмірі мен заманына қатысты саналуан деректерді саралап, олардың ғылыми-көпшілік сипаттағы өмірбаянын жасады.

Жазушылық және зерттеушілік ізденістерін тең ұстаған қаламгер қазақтың ілгеріде өткен билері мен шешендерінің шешендік, билік сөздері мен ғибратты істерін қамтитын ауызша әдебиет ескерткіштерін, ел аузындағы аңыздарды жылдар бойы жалықпай жинап, тарихи талқыдан өткізіп, тура таразылап, әдеби үлгіге түсірді, шығармашылық дара машықпен жазып шықты, сөйтіп энциклопедиялық сипаттағы басты еңбегін аяқтады. Жалпы көлемі 53,5 баспа табақ болатын «Даланың дара ділмарлары» (Алматы: Қазақстан, 2001) кітабында автор қазақтың билері мен шешендері туралы еңбектерін өз қолымен қайта іріктеп, електен қайта өткізді, Тәуелсіз Қазақстанның рухани қазынасының толығына, қоғамның рухани жаңғыруына негіз болатын ұлттық құндылықтарды байытуға зор үлес қосты.

Нысанбек Төрекұлұлының ғылыми және жазушылық еңбегінің тағы бір басты бағыты – Жамбылтану. Өлең сөздің даңғылы, ақындық айтыстың алыбы, ұлы жырау Жамбылмен бала кезінде жетім балалар үйінде кездескен, арнайы келген атасына арнаған балапан буынды өлеңін оқығын, атасы

арқасынан қағып, басынан сипаған, маңдайынан сүйіп, батасын берген сәттің қызуы мен жылуын Нысанбек Төрекұлұлы өмір бойы есінен шығармады. Шығармашылық, ғылыми-зерттеу қызметінде Жамбыл туралы замандастарының естеліктерін, Жамбылдың қанатты сөздерін, ел жадында жатталып қалған жырларын, Жамбылдың айналасындағы шәкірттерінің естеліктерін, шығармаларын жинауға ерекше мән берді. Майдандас досы С.Бақбергенов екеуі Кенен Әзірбаевтың шығармаларын құрастырды (1967), Кенен Әзірбаевтың «Аңыздар сыры» кітабын ақынның өз аузынан жазып алып, 1969 жылы «Қазақстан» баспасына басуға дайындап берді. Жамбыл туралы көзкөргендердің естеліктерін жинап, құрастырып, өз естеліктерін қосып, 1989 жылы «Жазушы» баспасынан «Дастан ата» деген атпен Жамбыл туралы естеліктер кітабын шығарды. Жамбылдың таңдамалы шығармалар жинағын құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін, зертеулерін жазып, 1996 жылы оқырман көпшілікке ұсынды (Жамбыл. Ел қадірін біл, балам. Таңдамалы. – Алматы: Жалын, 1996. – 29 б.т.). «Жамбыл – менің жай атым» деген атпен Жамбыл туралы естеліктер кітабын құрастырып, өзі бір тарауын жазып, 1996 жылы «Санат» баспасына тапсырды. «Жамбылдың бірқақпайлары» кітабын да осы жылы құрастырып шығарды. Ғалым Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы, ақындық өнері туралы монографиялық ғылыми-зерттеулерде, ғылыми жинақтарда, ғылыми-теориялық конференция баяндамалары жарияланған еңбектерде, басқа да басылымдарда тараулар, бөлімдер, қыруар мақалалар, эсселер жазып жариялады. Бұл бағыттағы еңбектерінің бір саласын ғалым «Жамбыл мен Кенен» (Алматы:Жалын,1978), «Жүз жасаған бәйтерек» (Алматы: Жалын, 1989), «Тоқсан толғау: деректі ғұмырнамалық эссе» (М.Жолдасбековпен бірге. - Алматы: Өнер, 1992), «Алатау асқарынан жыр асырған» (Алматы: Ғылым, 1996) атты іргелі еңбектерінде бірбүтін сипатта ел игілігіне ұсынды. Аталған еңбектер - жамбылтану ғылымындағы айтарлықтай үлкен жетістіктер. Нысанбек Төрекұлұлы жамбылтанудың дамуына ерен еңбек сіңірді.

Нысанбек Төрекұлұлы Жамбылдың, Жамбылдың айналасындағы халық ақындарының өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулерімен қатар, ақындар айтысы, тарихи жырлар табиғаты туралы зерттеулерін жүргізіп, қазақ сөз өнерінің, авторлық ауызша поэзия әлемінің тарихи, танымдық, тағылымдық, көркемдік-эстетикалық, поэтикалық мәселелерін арнайы зерттеп, әдебиеттану ғылымын жаңа ғылыми жетістіктерге жеткізді. «Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері» (Алматы: Ғылым, 1977), («Современный казахский фольклор» (Алматы: Мектеп, 1982), Үмбетәлі Кәрібаев» (Алматы, 1990) сияқты монографиялық еңбектері, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1964), «Қазақ фольклористикасы» (Алматы: Ғылым,), «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (Алматы: Ғылым, 1973), «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы» (Алматы: Ғылым, 1975), «Жамбыл Жабаев творчествосы» (Алматы: Ғылым, 1989), «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (Алматы: Ғылым, 1979), «Қазақ

фольклорының типологиясы» (Алматы: Ғылым, 1982) және басқа ұжымдық монографиялардағы зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымы мен фольклорисикасы саласындағы ғылыми-теориялық ойлар қорын өзіндік дара сипаттағы мазмұнды талдауларымен, мәнді жинақтауларымен, дәлелді де негізді қағидаларымен, тың тұжырымдарымен байытты.

27. 08. 2021